– Будущее любого предприятия – молодежь, КТЖ уделяет большое внимание вопросам молодежной политики, воспитанию корпоративного духа и развитию творческого потенциала. Какая работа в этом направлении проводится в отделении?

– Безусловно, молодежь – это вечный двигатель будущего, стратегический ресурс компании, наша достойная смена. Для нашего отделения очень важно вовлечение в корпоративное пространство молодежи, знающей и понимающей принципы работы железной дороги. Роль молодежи постоянно растет, от молодых людей во многом зависит темпы и характер развития общества. В плане воспитательно-нравственного направления в молодежь в отделении хорошо работает Совет ветеранов, причем представителями старшего поколения организуются встречи с молодыми железнодорожниками, тематические вечера. Также в Центральном музее железнодорожного транспорта РК проходят экскурсии со студентами, школьниками и студентами и развития железнодорожного транспорта в целях поднятия имиджа профессии железнодорожника. Все это, безусловно, имеет нравственное значение. Я поддерживаю любое начинание молодежи, подтверждение вышесказанному – участие наших молодых работников в молодежных форумах, где они представляют свои идеи и проекты в номинациях «Проект-менеджмент» и «Будущие управленцы», весьма актуальные для железнодорожного транспорта. Работа с молодежью, прежде всего, направлена на максимальное раскрытие творческого потенциала в молодежной среде, возможностей, способностей, развитие лидерских качеств, повышение уровня профессиональной компетенции молодых сотрудников. Всегда радует профессиональный рост молодых коллег. Нам нужны ответственные, амбициозные молодые специалисты, которые в будущем станут прогрессивными, мыслящими руководителями, способными решать задачи повышенной сложности.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Фото автора



railnews.kz

ЮБИЛЕЙ

## КОНЦЕРТ ДЛЯ ВЕТЕРАНОВ

В Карагандинском локомотивном депо прошел юбилейный вечер, посвященный его 85-летию.

В торжественном мероприятии приняли участие директор филиала акционерного общества «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Марат Ибраев, главный инженер филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Александр Зайцев, заместитель главного ревизора филиала АО «НК «КТЖ» – «Карагандинское отделение магистральной сети» Кайрат Бурленов и ветераны депо.

– В далеком 1933 году на станции Караганда-Сортировочная образовалось локомотивное депо Караганда, – в начале юбилейного вечера к присутствующим обратился Марат Ибраев. – История депо неразрывно связана со строительством железной дороги на участке Акмолинск – Караганда. При этом работники депо самоотверженно, не зная усталости, трудились для выполнения планов молодого государства.

– Период становления локомотивного

депо – отдельная страница истории железной дороги Казахстана. Для сотен тысяч людей приобретенная железнодорожная специальность стала не только профессией, но и судьбой, – продолжил он.

Марат Ибраев в свою очередь выразил особую благодарность ветеранам, стоявшим у истоков строительства и развития депо, тем, кто был свидетелем событий тех знаменательных лет.

В ходе мероприятия сотрудников узла с 85-летним юбилеем поздравили почетные железнодорожники и ветераны труда Владимир Старчук и Латып Абдрахманов.

Для ветеранов труда работники локомотиворемонтного и эксплуатационного локомотивного депо подготовили праздничный концерт. В их исполнении прозвучали гимн железнодорожников, песни военных лет и другие музыкальные и танцевальные композиции.

Светлана МОГАЙ, Караганда

ТВОИ ЛЮДИ, МАГИСТРАЛЬ!



## СПОКОЙСТВИЕ В ЛЮБОЙ СИТУАЦИИ

По итогам традиционного конкурса «Лучший машинист» почетное второе место занял машинист электровоза локомотивного депо станции Тобол Костанайского отделения грузовых перевозок Сергей Болбат.

Аслан КУДАБАЕВ,  
Костанай

На железную дорогу он пришел в 2006 году в возрасте 19 лет. Решил пойти по стопам своего отца, который всю жизнь проработал машинистом.

По словам Сергея Болбата, начинал он свой трудовой путь помощником машиниста электровоза, а не тепловоза. Быстро втянулся в работу, понял, что это, как говорится, «его» и решил совершенствоваться в выбранной профессии. В 2008 году отучился и с июля 2009 года работает машинистом. Его рабочие маршруты: Тобол – Костанай, Тобол – Каргалы, Тобол – Кушмурун.

Каждый рабочий день начинается с традиционной приемки электровоза, и, как отмечает машинист, приемка электровоза – очень ответственный момент. После того, как она завершается, им сообщают поезд. И экипаж, состоящий из машиниста и его

помощника, отправляется в путь.

– Мне нравится управлять такой машиной, – рассказывает Сергей Болбат. – Тонн то мы много возем, бывает по семь тысяч. Еще – постоянная новизна. К примеру, на данный момент я могу находиться дома с ребенком, через час выехать в путь, а через пять быть уже в России.

Его сыну Егору сейчас 4 года, и он уже мечтает водить поезд как отец.

– Какое самое главное качество в профессии машиниста? – продолжает Сергей Болбат. – Это, прежде всего, умение сохранять спокойствие в любой ситуации, оперативно принимать верное решение. И, конечно, нужно отлично знать свое дело. В каждой поездке бывают разные ситуации. К примеру, недавно подвезаем к открытому неохраемому переезду, смотрю: грузовой автомобиль несется на переезд и не собирается тормозить, как положено по правилам. Тогда я сам сбавил ход и про-

пустил его. Часто на путях бывает скот, особенно летом. На опасных участках лучше заранее сбавить скорость.

Участие в финале конкурса среди машинистов АО «НК «КТЖ» Сергей Болбат принял неожиданно для себя. Сначала был объявлен конкурс в депо станции Тобол, который он с легкостью выиграл, затем – в Костане. В конечном итоге Болбат прошел все этапы конкурса «Лучший машинист»: отборочный, полуфинал и финал, где занял почетное второе место.

– Я очень рад тому, что показал хороший результат, – делится впечатлениями железнодорожник. – Меня наградили почетной грамотой, премией и ценным подарком. Хочется пожелать, чтобы подобные конкурсы проводились как можно чаще, ведь благодаря таким мероприятиям появляются еще больший интерес добиваться новых результатов.

Фото автора

ПРАЗДНИК

## ОТКРЫЛИ СЕЗОН СКАЗОК

Экскурсии по зимней Астане, новогодняя елка, много ярких эмоций – все это останется в памяти детей и внуков железнодорожников, которые на средства ОО «Казпрофтранс» посетили столицу.

Маленьких путешественников на вокзале Оскемен-1 встречали довольные родители, бабушки-дедушки, представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева. В теплом помещении вокзала взрослые и дети рассказали о своих впечатлениях. Семилетняя Жулдыз Каликанова вспоминает, как они ездили в восьмизатный «Нур Әлем», океанариум, ходили в бассейн.

– В отеле «Кажол» была новогодняя елка. С Дедом Морозом, трансформерами. Еще мы ходили на дискотеку, – наперебой рассказывали ребята. – Нам это организовал профсоюз. В поезде тоже было интересно, мы играли.

По данным Айгуль Жайлаубаевой, десять детей из малообеспеченных, многодетных, неполных семей с 30 ноября по 4 декабря ездили в Астану в сопровождении председателя профкома Защитинской дистанции сигнализации и связи Андрея Стрелкова, председателя профкома Защитинской дистанции пути Серика Райбаева.

– Детям подарили красивые шарфы, рюкзаки и сладкие наборы. Всего было 150 детей, кто-то стихи читал, кто-то песни пел, но подарки вручили всем. Расходы, включая дорогу, проживание, питание, взял на себя отраслевой профсоюз, ни одного тенге с родителей не взято, – рассказал Серик Райбаев. – Теперь дети спрашивают, когда опять поедут в Астану. Это была первая профсоюзная новогодняя елка, которую организовали детям железнодорожников.

– У меня в Астану ездил внук, – рассказала Анна Зеленкова. – У него мамы нет, отец – железнодорожник. Внук мне звонил и говорил, что все очень хорошо, ему нравится. Огромное спасибо организаторам!

Андрей Стрелков выразил благодарность родителям, потому что дети вели себя замечательно, и ни с одним не было проблем.

– Организация была прекрасная: отличные номера в гостинице, комфортабельные автобусы, нас встретили на вокзале, – рассказал он. – Все очень хорошо.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск

## ПОДАРОК ДЕТАМ

Пятнадцать детей из многодетных семей железнодорожников Костанайского региона отправились в Астану на большой праздник – первую новогоднюю елку, организованную ОО «Казпрофтранс».

В таком грандиозном мероприятии дети костанайских железнодорожников приняли участие впервые. Возраст детей – от 7 до 12 лет. И для каждого из них это большое событие. Первая новогодняя елка состоялась в Астане в отеле «Кажол» 2 декабря. Все расходы по проживанию и празднованию – за счет профсоюза. Каждый из ребят взял с собой на елку свой новогодний костюм.

– Это действительно очень важное событие и не только для ребят, но и их родите-

лей – наших железнодорожников, – говорит председатель костанайского филиала профсоюза работников железнодорожного транспорта Гафу Несипбаев. – На елке их ждала богатая праздничная программа, дети проживали в отличном отеле. У них появилась возможность увидеть нашу столицу – были организованы экскурсии. Участниками подобного мероприятия наши дети стали впервые, но наверняка это только начало хорошей традиции.

Малик АСЛАНОВ, Костанай

БЛАГОТВОРИТЕЛЬНОСТЬ

## КАК РОДНЫЕ

Почти 12 миллионов тенге для покупки жилья семерым патронажным детям собрали железнодорожники – работники предприятий, находящихся в пределах Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок. Они не только приближают мечту сирот о своем доме, но и стали им друзьями, наставниками, ориентиром в жизни.

Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск

– Под патронажем Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок трое воспитанников Детской деревни ВКО: Архат Груздев закреплён непосредственно по самим отделениям, Карина Груздева – за Защитинским эксплуатационным локомотивным депо, Татьяна Маслова – за вагонниками, – рассказал председатель профкома Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок

Берикхан Тлеужанов.

Татьяна Маслова, которой сейчас 22 года, является студенткой КазАТК им. М. Тынышпаева, была под патронажем у железнодорожников с самого начала реализации Комплексного плана по защите детей-сирот ВКО – это 2012 год. Еще один воспитанник, Владимир Вторушин, после выпуска из Детской деревни на собранные работниками стальной магистрали деньги купил себе жилье в поселке Белоусовка. После этого у железнодорожников и появились брат и сестра Груздевы. Бывшего патронажного

ребенка железнодорожников из Детской деревни Татьяну Фазылову забрали родители.

Представитель Центрального совета ОО «Казпрофтранс» Айгуль Жайлаубаева добавила, что патронажными воспитателями шестнадцатилетнего Мавлади Голякова являются Защитинская дистанция сигнализации и связи и Серебрянская дистанция пути. Его сверстнику Сергею Кривченко помогает Защитинская дистанция пути. Двенадцатилетняя Ислана Мамутова и ее десятилетний брат Ислам – воспитанники филиала АО «ВЖД».

Железнодорожники ежегодно перечисляют на банковские счета детей деньги, поздравляют их с днем рождения, дарят подарки к новогодним праздникам, Дню благодарения, учебному году и к другим знаменательным датам. Также делают экскурсии воспитанников по предприятиям стальной магистрали и Усть-Каменогорску – вместе с профсоюзным комитетом, а также совместные чаепития.

ВОКЗАЛ

На стеле привокзальной площади города Павлодар установили новые часы. Старый хронометр вышел из строя.

## ЧАСЫ ОПЯТЬ ИДУТ...



Буквально несколько дней назад горожане заметили, что часы на стеле у здания железнодорожного вокзала начали показывать неправильное время: минутная стрелка перевелась на секунды, а часовая начала отсчитывать минуты. После детального осмотра стала известна причина – из строя вышел часовый механизм. Кроме того, неблагоприятно на оборудовании сказались климат Павлодарского Прииртышья.

Для устранения неполадки городской отдел ЖКХ объявил очередной тендер на замену и обслуживание привокзальных часов. Новый хронометр установило ТОО «KVANTeL».

– Мы не только занимаемся установкой, но и изготавливаем измерительные приборы. Старые часы тоже мы делали, десять лет назад, – рассказывает заместитель директора ТОО «KVANTeL» Алибек Мусаев. – У новой конструкции будет другой циферблат и механизм. Фирма после установки дает гарантию сроком на 15 лет.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар  
Фото автора

СПОРТ

## ТУРНИР ДОБРОЙ ПАМЯТИ

Турнир по бильярду прошел среди руководителей предприятий Акмолинских отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети и дочерних организаций. Любители кия собрались в бильярдном зале «Старт».

Это был шестой турнир по счету. Отличался он тем, теперь второй год его посвящают памяти главного инженера Акмолинского отделения магистральной сети Урика Дюсембаева. Организацией и проведением турнира занимались профсоюзные комитеты, физкультурно-спортивный клуб «Локомотив». Поддержку оказали директор Акмолинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов и директор Акмолинского отделения магистральной сети Артур Кизатов.

Победителями в итоге названы начальник Кокшетауской дистанции сигнализации и связи Сергей Сарсекеев, заместитель директора Курорт-Боровского эксплуатационного вагонного депо Алибек Рыспаев и главный инженер Кокшетауской дистанции сигнализации и связи Серик Базарбаев.

Участники, проявившие себя во время соревнований, получили награды в номинациях.

Сауле КУСАИНОВА, Кокшетау



## ТАСЫМАЛ

## «ТАСТАНДЫ ПОЙЫЗДАР» МӘСЕЛЕСІ ӨТКІР ТҮР

Бүгінде ұлттық компанияның барлық бөлімшелері үшін маңыздылығы жоғары болып тұрған вагон айналымы – Семей теміржолы үшін біршама шешімін тапқан мәселе. Еліміздің ірі транзиттік аймағы болғандықтан да, бұл өңір теміржолшылар үшін қашан да бірінші кезекте.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Сондықтан да, жыл басында жергілікті вагон айналымы мен вагондарды өңдеу ісінде кешенді жоспар жасалынып, жүк станциялары басшыларына тиімдідеттер жүктелген болатын. Атамыш шара бөлімше басшысының бірінші орынбасары, қозғалыс саласында ұзақ жыл еңбек өтілі бар Рабит Есқоңановтың тікелей қадағалауына алынған.

Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі бойынша вагон паркінің жұмыс өнімділігі біршама ұлғайды. Оған оң ықпалын тигізген себептер қатары көп. Мысалы, бір жүк тиеу операциясы уақытының азаюы, техникалық станцияларға аялдаған вагондардың уақытынан артық кідірмеуі, жылжымалы құрамдарды жасақтауға бөлінетін уақыттың үнемделуі сынды шаралардың өзі қозғалыс шаруашылығын ширата түскен. Соның есебінен вагон өнімділігінің орта тәуліктік көрсеткіші соңғы 10 айдың ішінде 7315 мың тонна /км неттоны құрап отыр. Міне, осының нәтижесінде бөлімше бойынша вагон айналымы жоспарланған кестеге сай жүріп жатыр.

Ал тораптық станциялардағы жұмыс паркінің артуына бірінші кезекте Дегелең станциясына ағылған жартылай ашық вагондар мен Ресей теміржолына тиесілі вагондар санының артуы ықпал етуде. Атал-

мыш жайт әсіресе қысқы мезгілде жиілейді екен. Осы орайда туындайтын кұрмеулі мәселе «тастанды пойыздар» болып тұр. Мәселен, жыл басында, яғни, қаңтар айында іргелес Ресейден ағылған вагондар Қаражыра кенішінде көмір болмауы себепті бөлімшенің станциялық жолдарында тұрып қалған болатын. «Тастанды пойыздардың» қалыптасуына тек тиелетін жүктердің уақытша болмауы ғана емес, түйіспелі станцияларда жүк тиеуге салынған конвенциялық тыйымдар да себеп болуда. Ал, мұндай тыйым салуға, көмір немесе Жаңғызтөбе станциясындағы түсті металл өндірісі ошақтарындағы апаттық ақаулар, баяу тиеу жұмыстары себеп болады.

Алайда, теміржолшыларды алаңдататын басты мәселе транзиттік пойыздардың локомотивтерді күтіп, бөгелуі болып тұр. Мұндай жайт станция басында «көптеліс» туғызып, жергілікті вагон айналымына кедергі келтірері белгілі. Бөлімше теміржолшылары осы бағытта жыл бойына белсенді жұмыс жүргізді. Атамыш мәселелер «өңтүстік тармақ» бойынша да орын алғанды. Атап айтсақ, бөлімшеаралық Жузғаш станциясында Алматы жол бөлімшесі қабылдамаған бірқатар пойыздар белгіленген уақытынан кідірілген болатын.

Дегенмен, жүк тасымалындағы мұндай кедергілер алдын ала



жоспарланған кешенді шаралармен және де рейстік модельдің тиімді тәсілдері нәтижесінде мезгілінде шешімін табуда. Сондықтан болар, қазіргі уақытта жүк тиеу ісінде вагон жетіспеушілігі жоқ. Мұнымен қоса, соңғы 10 айдың көрсеткіші бойынша статистикалық жүктеме – 100,9 пайызға, жергілікті вагон айналымы – 101,2 пайызға, ал локомотивтердің тәуліктік өнімділігі 101,4 пайызға артығымен орындалып отыр.

Қозғалыс шаруашылығы мамандарының айтуынша, бұған қанағаттануға болмайды. Сонымен қатар, телімдік және техникалық жылдамдықты арттыру, пойыздың орташа салмағын арттыру қажеттілігі туындап отыр. Бұл көрсеткіштер 100,4 пайызға орындалғанымен, өндіріс саласы әлі де қарқын алуы үшін жұмыс барысын мейлінше ширата түсу қажет. Оған тағы бір қосалқы себеп, ағымдағы жылы бөлімше бойынша 291 контейнерлік пойыздар тәулігіне 766,5 км жылдамдықпен өткізіліп жіберілген. Ал бұл жоспардан 0,2 пайызға ғана

кем, яғни, аз ғана төмен көрсеткіш болып саналады екен.

Қорыта айтсақ, семейлік қозғалыс шаруашылығының теміржолшылары алдағы қысқа біршама жоғары жетістікпен кіріп отыр. Вагондар уақытында жиналып алынатындықтан жетіспеушілік жоқ. Сонымен қатар, вагондарды өңдеу мен жылжымалы құрамдарды жасақтап жолға шығару ісінде де кедергілер жоқ. Бұл ретте, тыннан қолға алынған рейстік модельдің «берік тармақ» түрі тиімділігі зор екендігі дәлелденді. Соның негізінде транзиттік пойыздардың өңделетін уақыты 10 минутқа үнемделіп, станцияның өз басындағы, яғни, жергілікті жылжымалы құрамдарды жасақтау орта есеппен 50 минутқа дейін азайтуға қол жеткізілді. Мұның барлығы бірінші кезекте станциялық жолдарда «тастанды пойыздардың» қалыптаспауы мен вагон айналымының белгіленген жоспарлар аясында орындалуына зор ықпал етуде.

*Суретті түсірген автор*

## ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



## ПАРК ЖАҢАРЫП КЕЛЕДІ

Шымкент Жүк тасымалы бөлімшесінде жылжымалы құрам бөлімінің құрылғанына биыл үш жыл толды. Аталған бөлімнің функциясына локомотив паркі мен локомотив бригадаларының жұмысын үйлестіру кіреді.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,  
Шымкент

Айта кетейік, бөлімшеде барлығы 36 жүк локомотиві, 29 жолаушы электровозы, 23 тепловоз ТЗ3А және 31 маневр тепловозы бар. Локомотив бригадаларында 2000-нан астам машинист еңбек етеді.

Қазіргі таңда Шымкент бөлімшесі бойынша локомотивтер паркі екі топқа бөлуге болады. Ескі парк және жаңа парк. Электровоздарға келсек, бұрынғы 1970-80 жылдары шыққан ВЛ80С сынды ескі локомотивтердің орнын бірте-бірте 2013 жылдан бастап пайдалануға беріле бастаған КЗ8А электровозы басуда. Жаңадан шыққан бұл электровоздардың артықшылығы басым, сондықтан жүк тасымалына кеңінен қолданылуда. КЗ8А – жаңа технологиямен толықтай жабдықталған, оның барлық параметрлері мен жағдайы локомотив бригадасына сай жасалған.

Қазіргі таңда бұл электровоздармен қатар Астанадағы локомотив құрастыру зауытынан шыққан отандық Эволюшн сериялы ТЭЗ3А-1 тепловоздары да кеңінен қолданыста, негізінен Арыс-Түркістан телімінде жүк тасымалына пайдаланылуда. Ал электровоздар Арыс-Жамбыл телімінде тасымал қызметін атқарады. Қазіргі локомотив бригадалары локомотивтердің сипатына сай, екеуін де жүргізе беруге құқы бар екен.

– Бүгінде аймақтағы жүк

тасымалында ВЛ80С сериялы – 30, КЗ8А сериялы 6 электровоз қолданыста. Ал ТЭЗ3А-1 сериялы 22 Эволюшн тепловозы жүк және жолаушы тасымалына бөлінген. Біздің міндетіміз – осы локомотивтердің жұмысын үйлестіріп, жол жүру ережелерінің сақталуымен қатар станцияларда локомотив бригадаларының уақыты ауысуы мен локомотивтердің бос тұрып қалмауын қадағалау. Қысқасы, қолда бар локомотив құралдарының тиімді де өнімді жұмыс істеуіне мүдделіміз, – дейді жылжымалы құрам бөлімінің басшысы Ергазы Кенжебеков.

Бөлім басшысының айтуынша, соңғы үлгідегі технология бойынша әр локомотив қай жерде жүр, қандай жұмыс атқарып жатыр, соның бәрін көріп-біліп, қашықтықтан бақылап отырады. Бұл өте тиімді. Бұдан бөлек, электронды маршрут, машинист бөлімдерінің жұмысын да үйлестіріп отыру АСУ бағдарламасының көмегімен оңтайландырылған.

– Локомотивке деген талап өте жоғары. Локомотив сағат бойынша төленетіндіктен ол жолда көп тұрып қалмау керек, барлық локомотивтер қозғалыста жүруі тиіс. Бүгінгі таңда, мысалы, маневрлік қозғалыстағы ТЭМ 2 СҚД-6 тепловоздарының күтімі бойынша, уақтылы жөндеу жұмыстарынан өтуі, локомотив бригадалардың бөлінген сағатын, бос жүру уақытын азайту бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

Магистральдық локомотив-

тер қызметін бір жағы Жамбыл теліміне дейін, Түркістан жағы Қызылордаға дейін бақылаймыз. Өндіріс болғанына кейін күрделі жағдайлар болмайды емес, болып тұрады. Сондықтан соңғы үлгідегі жаңа техника мен технология жетістіктеріне иек арту – уақыт талабы. Жаңа техника болғандықтан жолаушылар қозғалысындағы соңғы үлгідегі локомотивтер «Клуб У» қондырғысымен жабдықталуы да жылжымалы құрам жұмысын анағұрлым жеңілдетіп оңтайландыра түседі, – деді Ергазы Маратбеқұлы.

Қысқасы, Шымкент бөлімшесі бойынша локомотив паркі біртіндеп жаңарып жатыр. Бұл, бұгінгідей, Түркістан облыс орталығы болып, соған орай қосымша жаңа маршруттар ашылып жатқан кезде өте маңызды болып отыр. Айталық, облыс орталығының көшірілуіне байланысты Түркістанға қарай 2 маршрут ашылды. Біреуі – №175 Алматы-Түркістан, екіншісі №176 Астана-Түркістан бағыты.

Еліміз бойынша үшінші ірі мегаполис Шымкент қаласының да аумағы кеңейіп жатқаны, урбанистикалық, логистикалық шешімдер біртіндеп тұрмыс-салымызға дендеп енуі, т.т. бет-бұрыстар болашақта аймақта қозғалыстың артып, оның ішінде теміржол қатынасының дамитыны жөндеуі сөзсіз. Бұл тұрғыда оңтүстік бөлімшенің локомотивтер паркі бірте-бірте жаңартып жатқаны құба-құп болмақ.

*Суретті түсірген автор*

## БАЙЛАНЫС

## ҚАУІПСІЗДІК – ҚҰРЫЛҒЫЛАР КҮТІМІНЕ ДЕ ТӘУЕЛДІ

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы Қызылорда ЖТ бөлімшесінің Жосалы мен Түркістан станциялары аралығындағы төрт жүз шақырымнан асатын телім бойында жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын байланыс құрылғыларының үздіксіз жұмысымен қамтамасыз етіп келеді.

Дистанция телімдерінде радиобайланысқа жарамды түрлі санаттағы құрылғылар, радиостанциялар мен релейлік станциялар қолданылып келе, соңғы уақытта заманауи IP телефонның өндіріске енгізілуі дистанцияның өндірістік жұмысын едәуір жеңілдетті деуге болады. Дегенмен қолданыстағы технологиялар қаншалықты заманауи болғанымен, оны басқару, бақылап тексеру, оларға технологиялық күтім жасау дистанциялықтар үлесінде болып отыр. Олар өткен қараша айында КТСМ құрылғысымен 16982 пойызды бақылаудан өткізсе, 11 айда 191073 жылжымалы құрамды тексерген екен.

Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының техникалық бөлім басшысы Ақшағұл Құрбенова ұсынған мәліметтерге сүйенсек, өткен он бір ай ішінде пойыздық және маневрлік жұмыс кезінде дистанция теміржолшылары тарапынан ақаудың орнын алуына жол берілмеген. Алайда байланыс құрылғыларының жұмыстан тыс қалуы секілді кемшіліктер ішінара болса да тіркелген. Аталған кемшіліктерге телім бойында жұмыс жасайтын еншілес мекемелердің де қатысуы бар екені анықталған. Мәселен, осы кезеңде Қызылорда жол және электрмен жабдықтау дистанцияларына сәйкесінше 4 және 1 мәрте СОБ құрылғыларының жұмыстан тыс қалуы тіркелсе, Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясы еншісіне 10 мәрте СОБ құрылғыларының қалпыты жұмысынан жаңылуы тіркеліп отыр.

– Біздің дистанция теміржолшылары сегіз айда қолданыстағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс және КТСМ құрылғыларының жұмысында ақау жібермей, солардың көмегімен 191073 жылжымалы құрамды бақылаудан өткізіп, 27 пойызды тоқтатқан және олардың кінәраты 100 пайыз анықталған. Тоқтатылған пойыздардың ішінде 11 пойыз тежегіштің ақауынан, 12 пойыз бүкестің қызуынан, 4 пойыз локомотивтің қызуынан кінәратты болған, – дейді төхөбил басшысы Ақшағұл Құрбенова.

Дистанция СОБ және байланыс құрылғыларына күнделікті күтім жасаумен қатар, құрылғылардың жұмыстан тыс қалмауын үздіксіз қадағалауда. Алайда кішігірім технологиялық кемшіліктер байланыс құрылғылары кінәратының орнын алуына соқтыратын да кездер кездесуде. Мәселен,



аталған мерзім ішінде жылжымалы құрамдардың жүйесін тексеретін УКСПС, жүк вагондарының көлемін бақылайтын КГУ құрылғыларында жұмыстан тыс қалу орын алмағанмен, қазан айының 10-жұлдызында кешкі сағат 18-ден 18 минут өткенде №34 пойыз Тереңөзек станциясына жақындаған кезде станция кезекшісінің таблосында КГУ лампочкасынан қызыл жарық жанып, қоңырау шылдырлап, 42 кіріс бағдаршама жабылғаны белгілі болған. Дабыл бойынша электромеханиктердің және тиісті мамандардың жұмыс құрамы оқиға орнына жедел жетіп тексергенде, тепловоз радиостанцияның тоқты жерге тұйықтайтын сымның 1 метр 63 сантиметрінің үзілуінен КГУ желісінде дабыл пайда болғаны анықталыпты. Кемшілік дереу жойылып, дабыл нәтижесінде тоқтаған №34 пойыз 4 минуттан кейін, 18 сағат 22 минутта кесте бойынша жүрісін жалғастырған.

Дистанция ұжымында еңбек өнімділігі қатаң сақталған, қолданыстағы СОБ, байланыс, пойыздық радиобайланыс, КТСМ құрылғыларына және өзге де байланыс құралдарына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, пойыздардың жүріс қауіпсіздігін толықтай қамтамасыз етілуде. Және де қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған кешенді жоспарлар, ГТСС нұсқаулары және инженерлік-техникалық іс-шаралар, ағымдағы күтім жұмыстары толықтай орындалуда. Уақытында ауыстыры-

луы тиіс байланыс құрылғылары кесте бойынша жаңадан орнатылуда.

Мәселен, Төменарық-Екпінді телімінде №9,3,6,5 және 4 жарықдиодты модульдердің линзалы кешені ауыстырылған, Сауран-Бесарық станциялары аралығында да осындай жұмыстар жасалған. Шиелі-Байгүкүм станциялары аралығында да жарықдиодты №6,9,4,11,2 және 13-бағдарламалардың линзалы кешені ауыстырылса, осы учаскеде релейлік шкаф №6,9,2,13,10,1 және 13 стативтердің ТМ-17 блогының КППШ-117 типті трансмиттерлері жаңартылған. Сондай-ақ, Белкөл-Қызылтам, Шорнақ-Түркістан Қызылтам-Анакөл телімдерінде жарықдиодты модульді бағдарламалардың линзалы кешені ауыстырылса, Сұлутөбе-Керкелмес телімінде ТМ-15 блогының КППШ-715 типті трансмиттерлері жаңаланыпты. Бірқазан-14 бекет-Керкелмес телімдерінде де релейлік шкафтардың ИМВШ-110 типті релелері ИВГ маркалы релелермен алмастырылған.

– Дистанция телімдеріндегі құрылғыларға техникалық күтім жасау, олардың кемшіліксіз жұмыс жасауы қозғалыс қауіпсіздігі үшін өте маңызды. Сондықтан ағымдық күтім жұмыстары күнделікті атқарылады, – дейді дистанцияның техникалық бөлім жетекшісі Ақшағұл Құрбенова.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

*Суретті түсірген Өмірбай ТҮМЕНБАЙ*

## МӘСЕЛЕ

## «БЛОК-ЧЕЙН» ЖОБАСЫ: БИЛЕТСІЗ ЖОЛАУШЫҒА ТОСҚАУЫЛ

Қазақстан темір жолы қызметінде пойыз билетіне қатысты алыпсатарлардың жолын кесу үшін блок-чейн жүйесін құру қолға алынып, билетсіз жүру мүмкіндігін жою қарастырылып жатыр. Теміржолшылар пойыз билеттерін сату процесіне адами фактордың әсері болмайтын блок-чейн жүйесін енгізу тәсілдерін ұсынды.

Ақтөбеде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қарасты филиалдар мен құрылым басшыларын өткен аптада мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдерін жинады. Онда «Адал жол» жобасы аясында темір жол тасымалы және халықтың темір жол көлігіндегі қызметтерге қол жеткізуіне кедергі келтіретін мәселелерді жою жұмыстарын талқылады. Оған арнайы мониторингтік топтың мүшелері, көлік прокуратурасының, көліктік бақылау инспекциясының, Ақтөбе бөлімшесінің көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының, желілік полиция бөлімінің басшылары және кәсіподақ өкілдері де қатысты.

«Бір адамға төрт билетке дейін сатып алуға рұқсат етіледі. Ал электрондық сату кезінде жеке куәлік бағаға сәйкестендірілмеген. Бір адам базадан шектеусіз қалағанынша билет сатып ала алады. Осы жерде алыпсатарлардың пайда болмасына кім кепіл?», – деді агенттіктің Ақтөбе облысы бойынша департамент өкілі Рафхат Бисенов.

«Батыс» жолаушылар тасымалы жөніндегі аймақтық филиал директоры Дархан Ұбайдуллаев жолсеріктердің сәлемдеме тасымалдау жұмыстарының заңдастырылуы нәтижелі жүргізіліп жатқанын сөз етті.

«Бізге қазір «бригадирлік конверт» деген бағдарлама жұмыс жасап жатыр. Ұшақ арқылы құжат беріп жіберу өте қиын. Сол себепті пойыз арқылы кез келген жанның заңды түрде жолсерік арқылы конверт жеткізу жағдайы заңдастырылған. Ол үшін пойыз басшысында арнайы аппарат бар. Соған ақшаңызды төлеп, түбіртегін аласыз. Ол 500 теңгенің қандай да бір бөлігі сыйақы ретінде жолсеріктің есепшотына аударылады. Мүмкін оны халықтың көпшілігі біле бермейтін шығар. Жоба нәтижесіз емес», – дейді филиал басшысы.

Дархан Ұбайдуллаев сонымен билет тапшылығы, алыпсатарлық туралы да айтып өтті. «Бізге қазір кіріс шығыны жоқ. Жаз айларында билеттер сатылғаны 95,4 пайызға дейін барды. Ақтөбеден мінген адам Шалқардан түседі, Шалқардан Сексеуілге дейін бос болады. Төрт пайызға жуық жетіспеушілік осындай кездерде болады. Бізде билетті брондау қойып, кейін сатты деген жағдай тіркелген жоқ. Оған жол берілмейді де. Себебі, кассада отырған адам үшін де мұндай нәрселер үлкен шығынға әкеледі. Қайтарылған билет үшін 1000 теңге ұсталады. Оның үстіне қосылатын 300-500 теңге көлеміндегі комиссиясы бар. Алыпсатарлардың жолын кесу мақсатында жасалынған бұл жұмыстар қазір нәтижесін беріп жатыр. Биылғы жылдың 19 маусымынан бастап билетті қайтару 230 теңгеден 1000 теңгеге көтерілгені тоқсан пайызға азайды. Билетті қайта тапсыру қойлайсыз. Кейде қарапайым халыққа бұл кері әсер етіп жатады, әрине, бірақ алыпсатарлықты түбірімен құрту үшін қажет шара», – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс аймақтық филиалы директоры Дархан Ұбайдуллаев.

Ардақ ЕРҰБАЕВА, Ақтөбе



railnews.kz

СЕРВИС

Астананың іргесіндегі Қырқыншы станциясының халқы жылдан-жылға артып жатыр. Оның сыры да белгілі, станция қала іргесінде. Бірақ, тек жүк станциясы ретінде қызмет етіп келген бекетте жолаушылар үшін не вокзал, не күту ғимараты жоқ.

## КҮТУ ЗАЛЫН САЛДЫ

Станция бастығы Дастан Он-беспавецтың айтуынша, бүгінде Қырқыншы станциясына №328 жолаушылар пойызы мен Ерейментәу-Қағштау және Астана-Қарағанды бағытына және кері бағытта жүретін электрпойыздары тоқтайды. Вокзал болмағандықтан сол пойыздарға мінетін жолаушылар, әсіресе қыстың аязды да боранды күндері ашық аспан астында немесе станцияның әкімшілік ғимаратын панаалап, жиналып қалатын. Ал бұл ғимараттың бірінші қабатында тауар кассирлері отыратындықтан, жиналған халық олардың жүк жөнелтушілермен қатысты жұмысына кедергі келтіретіні айдан анық. Қыстың көзі қырауда оларды далаға шығарып жіберудің жөнін таппай, қалдырып қоюдың тағы ретін таппай, теміржолшылар бөлек күту залын ашу туралы шешім қабылдады. Одан бір тың да қаржы жұмсамаған, шаруашылық тәсілімен, яғни өз күштерімен күту залын салып, көпшіліктің алғысына ие болыпты.

– Алдымен контейнер тауып, соны өз күшімізбен күту залы етіп жасап шықтық. Есік ашып, ішіне орындықтар қойып, жылытып дегендей. Қазір пойызға мінетін жолаушылар сонда отырады, бізге де, оларға да жақсы болды, бір-бірімізге кедергі келтірмейміз. Жұмысымыз жеңілдеп, халық та бізге алғысын жаудыруда. Осы игілікті іске мұрындық болып, жүзеге асыруға атсалысқандар қатарында станция бастығының

шұғыл жұмыстар жөніндегі орынбасары Қайрат Құрманбаев пен логистика жөніндегі орынбасары Нұрлан Лесов және орхникалық жұмыстар бойынша орынбасар Нәдірхан Қайсаров болғанын мақтанышпен айтар едім, – дейді әріптестерінің бастамасына қолдау білдірген станция бастығы.

Сыртқы контейнер демесен, іші заман талабына сай жабдықталған күту залы рәсіммен ұдайы жылы, жып-жинақы екен. Жарықтандырылып, жылу жүргізілген. Қатты суықтың өзінде ішінің температурасы +12, +15 градус болып тұрады. Ол үшін 4 жылыту құралы қойылған. Сыртқы есігі де мықты етіп қымталып, суық өткізбейтіндей жасалған. Ішіне темір орындықтар қойылған. Барлық қауіпсіздік талаптары сақталған. Сонымен қатар пойыздардың келе жатқанын естіп отыру үшін ішінде дауыс зорайтқыш та бар екен. Күту залы пойыз жүретін кесте уақытына қарай ашық болады. Оның кестесін станция ұжымы 4.00-7.00-ге дейін және 19.00-ден 21.00-ге дейін деп реттестірген.

Міне, қалауын тауып қар жандыратын Қырқыншы станциясының теміржолшылары ешкімнен тапсырма мен бұйрық күтпей-ақ халыққа жайлы жағдай жасап отырғанын көпшілік үлгі етуге тұрарлық. Жайлы, жылы орында пойыздарын күтіп отырып, сапарға шығатын жолаушылар тарапынан айтылатын алғыс қаншама?! Жарайсындар, жігіттер!

Ұлан ОРАЗ

ӘУЛЕТ

## ЖАҢҒЫЗТӨБЕДЕ ТУЫП, ЖАЛПАҚТА ӨСТІ



Жаңа-Семей-Дегелең телімінің бойында орын тепкен шағын ғана Жалпақ станциясы – байырғы теміржолшылардың еңбек ортасы. Мұнда негізінен еңбек етілі жиырма жылдан кем емес аға буын өкілдері жұмыс істейді. Солардың бірі – ширек ғасырға жуық тек қозғалыс саласында еңбектеніп келе жатқан Аққожа Рахманбердиев.

Жаңғызтөбе станциясының тумасы, теміржолшылар отбасында дүниеге келген Аққожа Қабикенұлы алғашқы еңбек жолын сол станцияда бағыттама кезекшісі болып бастаған екен. Өткен ғасырдың соңында Жалпақ станциясына қоныс аударып, мұнда да теміржолдағы сол қызметін жалғастырады. Мұнда да алғашқыда бұрма бағыттамашысы болады. Көп ұзамай емтихан тапсырып, станция кезекшісі міндетін жауапкершілігіне алды.

– Меңің басты міндетім – қос бағыттан ағылатын пойыздардың легін қабылдап алып, жөнелту. Жүк тиеу мен түсіру және маневрлік жұмыстарға қатысу. Қалыптасқан ахуал жайында диспетчерге баяндау. Сонымен қатар, шағын станцияның өміріне қатысты барлық жұмыстарға атсалысамыз. Айналып келгенде, бөріміздің илегеніміз бір терінің пұшағы – қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету оңай емес қой, – дейді Аққожа Рахманбердиев.

Шағын болса да Жалпақ станциясындағы жұмыс қарбаласқа толы. Іргеде орын тепкен әскери бөлімше жүктері осында түсіріліп, тиеледі. Мәселен, биылғы жазда станция кезекшілері дала жаттығуына келген сарбаздардың әскери техникаларын, ауыр ұрыс машиналарын қабылдап алып, кейін қайта жөнелткен. Ондайда қос бағыттағы жолдардың ашық болуы, станция басында іркіліс болмауы міндетті.

– Республикамыздың әр түпкірінен жіберілетін қарулы күштердің ауыр жүктері осында түсіріледі. Әсіресе, Аягөз станциясындағы танк дивизиясынан келетін жүк көп. Мысалы, БТР тәрізді жол талғамайтын соғыс техникалардың тиеген үш пойызды шамалы уақыт ішінде жылдам жасақтап жолға шығардық. Әскери өмір жылдамдыққа, қатаң тәртіпке негізделген емес пе, бұл қасиет бірлесіп жұмыс істеген соң ба, біздің бойымызға да сіңісті болып кетті, – дейді ол.

Сонымен қатар, Аққожа Қабикенұлы станция басындағы маневрлік жұмыстарды жүргізіп, Жаңа-Семей сынды тораптық жүк станциясындағы жаңадан жылжымалы құрам жасақтау ісіне де қатысады.

Жалпақ станциясынан әсіресе жолаушылар пойызы да жиі өтеді. Мәселен, Тұлпар-Тальго вагондарынан тұратын пойыздар тәулігіне екі мәрте жоғары жылдамдықпен зымырайды. Сондықтан да, қырағылыққа баса мән берілген.

– Әкем жарықтық ғұмыр бойы Жаңғызтөбе станциясында тауар кассирі болып еңбек еткен адам еді. Сол кісінің өсіетімен теміржолға келіп, қозғалыс саласында қызмет етіп келемін. Жаңғызтөбеде туып ер жеткенмен, өсіп-өнген жерім – Жалпақ. Қазіргі күні ұлым Марат осы станцияда вагон қараушысы болып қызмет етіп жүр, – дейді Аққожа Қабикенұлы.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

ҚАУІПСІЗДІК

## ҚОРШАУЛАР ДА ҚОЛДЫ БОЛҒАН

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі 497,3 км темір жолға қызмет көрсетеді. Бұл – Түркістан облысындағы Шымкент қаласынан бастап Түлкібас, Ордабасы, Сайрам, Сарыағаш, Қазығұрт, Арыс, Мақтаарал, Түркістан, Отырар аудандары. Халық өте көп және тығыз орналасқан оңтүстікте теміржолдың бойы тыныш деп әрине, айта алмаймыз.

### Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Әрі-бері ағылған халықтың көптігінен теміржолдан өту ережесін бұзатындар да көп, өкінішке орай, мал мен жанның пойыз астына түсіп қалу оқиғалары да аз емес. Теміржол бойындағы ұрлық-қарлық та жыл өткен сайын көбеймесе, азаятын түрі жоқ...

2018 жылы өткен он айында локомотивтер теміржол бойында түрлі кедергілерге байланысты 173 шұғыл тежеу берілті. Жыл басынан бері 11 адам пойызға түсіп қаза тапқан. Жалпы, жол бойына бөгде адамның шығып кету оқиғасы – 65 рет, қараусыз жүрген мал 86 рет тіркелген, 13 ірі қараны пойыз басып кеткен. Міне, осы атаған жайттардың бәрі де теміржол көлігінің қозғалысына үлкен қауіп төндіріп, зиянын келтіретін факторлар.

– Бізді соңғы кездері пойыздар жолында бала-шаға өлімінің көбейгені алаңдатады, – дейді Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Марат Оңалов. – Көптеген азаматтар, әсіресе балалар мен жасөспірімдер келе жатқан пойыздың алдынан жылдам жүгіріп өтем деп өз өмірлерін қатерге тігіп жатқанын түсіне бермейді. Біз осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін халық арасында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жыл он екі ай жүргіземіз десек, қателеспейміз. Әрбір орын алған жағдай үшін мектептегі оқушылармен, темір жол маңайында жақын тұратын тұрғын үйдегі адамдармен түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Жұмысымызға ішкі істер желілік бөлімінің қызметкерлерін де

тартамыз. Теміржолда белгіленбеген, рұқсат етілмеген жерден өтудің қауіпті екендігін біріккен рейдтерде еңкейген көріден еңбектеген балаға дейін жеткізуге тырысамыз. Айталық, осы он айдың ішінде жергілікті халық және оқушылармен 72 әңгімелесу жүргізіліп, 8 жерге плакаттар ілдік, 10 хабарландыру жарияладық, баспасөзде 6 мақала жарық көрді. Қысқасы, темір жолдың қауіпсіздік ережесін сақтап, оның мүлкіне қол сұқпау, жолдан өтерде сақ болып, белгіленбеген орындарда мал жаймау керектігін, балаларды бақылаусыз қалдырмауды, т.т. ескерту мен түсіндіруден кенде емеспіз, оны тыңдайтын құлақ болса, – дейді Марат Әденұлы.

Бөлімше басшысының айтуынша, қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіретін тағы бір жайт теміржолдағы ұрлық-қарлық екен. Осы жылдың он айында Шымкент магистральдық желі бөлімшесінде 27 ұрлық тіркеліпті, келтірілген шығын сомасы 2 819 107, 04 теңгені құраған. Бәрінен бұрын адамдардың темір жолға қоршау темір шарбақтарды ұрлайтыны жүйкеге тиіп отыр екен. Бүгінге дейін 145 панель қоршау қолды болған, ал оның шығыны 4 947 840 теңгені құрайтынын қатты қынжыла отырып жеткізді М.Оңалов.

Магистральдық желі бөлімшесі басшысынан өндіріске қатысты да мәлімет сұрадық. Оның айтуынша, жол шаруашылығын сауықтыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылған. 2018 жылы жоспар бойынша 27,75 км жол күрделі жөндеу жоспарланған болса, орындалғаны – 13, 7 км. Қалған 14,05 км жолды күрделі жөндеу осы жылдың қараша айының соңына жоспарланып отыр екен.



«Оған Шойтөбе-Күншағыр-Отрабат учаскелері кіреді. Оңтүстіктің жаймаушақ табиғаты қыс ауасында да күрделі жөндеу жүргізе беруге мүмкіндік береді», – дейді бөлімше бастығы.

Ал күшейтілген орта жөндеу жұмыстарына биылғы жылы 10,4 км жоспарланып, түгел орындалған.

Жалпы, қазан айындағы көрсеткіш бойынша жолдың балдық бағамы 115% орындалған. Яғни, жоспарда 86 балл болса, ол 73 балға орындалған.

«Бұдан басқа, Қорғасын стан-

циясындағы қалпына келтіру пойызының ЕДК-500 кранын қолдану арқылы апатты жағдайда тұрған өтпелі көпірді қайта жөндеуден өткіздік. Бүгінгі таңда аймақтағы вокзалдар да біздің қамқорлығымызда. Манкент, Түлкібас, Арыс-1 станцияларында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Арыс-1 вокзалына толығымен жылу кіргізілді. Ал Шымкент вокзалын жөндеу үшін қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр», – деді Марат Әденұлы.

*Суретті түсірген автор*

БРИФИНГ

## ҚАҢТАРДАН ҚАРАШАҒА ДЕЙІН

Ақтөбе облысында жүк тасымалының айналымы 6 пайызға өскен. Темір жол қатынасы арқылы әлеуметтік маңызы бар жүктер уақытылы жеткізіліп отыр. БАҚ өкілдеріне баспасөз мәслихатын өткізген «ҚТЖ-Ж» АҚ филиалы – Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің бастығы Бөріхан Беркімбаев он бір айдың жұмысы жайлы есеп берді.

Жыл басынан бері Ақтөбе теміржолына қарасты 52 шақырымнан асатын шойын жолға күрделі жөндеу жүргізіліпті. Сонымен қатар, биыл Ақтөбе темір жолы арқылы тасымалданған жүктің 84 пайызы республика бойынша жөнелтілген.

– Қызметтің тиімділігі мен

табыстылығын арттыру, сондай-ақ тұтынушылық жеңілдіктерді қанағаттандыру үшін болашақта транзиттік контейнерлік маршруттар көлемін ұлғайту жоспарланып отыр. 2018 жылдың 11 айында жүк айналымы 18,7 млн ткм неттоны құрады және өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 6%-ке артып отырғанын көрсетеді. 2017 жылдың өткен кезеңімен салыстырғанда 104% артық жүк тиеліп тұр. Жөнелтілген жүктің негізгі үлесі немесе 84%-тен астамы республикалық қатынастағы жүк болып келеді. Сонымен қатар аздаған мөлшері құрылыс жүктерін құрайды. Ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларына дейін

Ақтөбе бөлімшесі арқылы 9,7 млн тонна құрылыс материалдары тасымалданды. Ағымдағы жылдың 11 айында «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жұмыс істейтін мердігерлердің мекенжайларына жүк тиеу 1,3 млн тоннадан астамды құрады, – деп мәлімет берді «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ Ақтөбе филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев.

Аймақ теміржолы басшысының айтуынша, әлеуметтік маңызы бар жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру ерекше бақылауда. Жыл басынан бері 107, 7 мың тонна астық жөнелтілген. Оның 69 мың тоннасы экспортталған. Тасымалданған үн 35 мың тоннадан асады. Оның 31 мың тоннасы ел

ішінде тасымалданған. Ақтөбеге 70 мың тонна көмір жеткізілген.

– Осы 11 ай ішінде бөлімше қарасты станцияларға 270 мың тоннадан астам көмір түсірілді. Оның ішінде өнеркәсіптік мақсатта – 196 мың тонна. Ақтөбе облысы әкімдігінің Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі берген мәліметтерге сәйкес, 2018-2019 жылғы маусымна арналған қазандық үшін отын дайындау 100%-ке орындалды. Аймақ теміржолшылары көмірді, астықты, ұнды және басқа да әлеуметтік жүктерді уақытылы және жоспарлы көлемде жүктеуге арналған жылжымалы құрамды үздіксіз беру бойынша барлық қажетті шараларды қолданады деп сендіремін, – деп қорытын сөзін Б.Беркімбаев.

**Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе**

ИГПЛІК

## ЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСЫ БОЛСА...

Бейнеу жол дистанциясында қызметкерлердің әлеуметтік жағдайына ерекше көңіл бөлінеді. Тікелей осы бағытта жұмыс істейтін мекеменің кәсіподақ комитеті Ұжымдық шартты негізге алады. Өйткені, жолшылардың жағдайы жақсы болса, жұмысы да өнімді болатынын олар жақсы түсінеді.

### Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Бәрімізге белгілі, Ұжымдық шарт ҚР “Еңбек кодексі”, ҚР “Кәсіподақтар туралы” заңы, т.б. нормативтік құқықтық актілер негізінде «ҚТЖ» АҚ мен еңбек ұжымы арасында жасакталады. Кәсіподақ комитетінің төрағасы Мұстафа Қожановтың айтуынша, осы ұжымдық шартта екіжақты міндеттер мен құқықтар белгіленген.

– Аталған шартта қамтылған мәселелерге сүйене отырып, Кәсіподақтың атқаратын жылдық жоспары жасақталып, сол бойынша негізгі жұмыстар атқарылады. Оның ішінде еңбекті, еңбекке мен жұмыс уақытын ұйымдастыру мен нормалау, әлеуметтік-тұрмыстық жағдай, еңбек қорғау, құқықтық қорғау мен әлеуметтік кепілдіктер сияқты қызметкерлер үшін негізгі қажетті мәселелер бар. Сонымен қатар, басты міндеттерінің бірі – мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу, – дейді кәсіподақ басшысы.

Осы мәселелер бойынша биылғы 10 айда бірқатар жұмыстар атқа-

рылыпты. Еңбек қорғау, еңбек заңдылықтарын сақтау, жол шаруашылығының қысқы уақытта жұмыс істеуге дайындығы, арнайы жұмыс киімдері және жеке қорғаныс жабдықтарымен қамтамасыз ету жөнінде жауапты қызметкерлердің есептері тыңдалған. Мекеме қызметкерлері мен зейнеткерлері үшін дистанция бойынша әлеуметтік жеңілдіктер сметасының орындалуы қатаң бақыланған.

Қорыта айтқанда, биыл дистанция бойынша еңбек заңдылықтарын бұзу жағдайлары болмаған, еңбек уақытылы келісілген кестеге сай уақытында беріліп, дәрігерлік тексерулер дер кезінде өткізілген. Сонымен қатар әлеуметтік төлемдер уақтылы төленіп, соның ішінде тіс салу, балалы болу және қазалы жағдайларға байланысты материалдық көмек (мекемеден берілетін көмекке кәсіподақтан қосымша 8 адамға 25 мыңнан, 4 адамға 30 мыңнан), мерейтойлық датаға орай, яғни ерлерге 60 жасқа, әйелдерге 55 жасқа толуына

байланысты материалдық көмек, жол жүру билетінің ақшасын төлеу, неке құру сынды тағы да басқа көмектер көрсетілген.

Бұған қоса еңбек қорғау жағдайына келсек, жұмысшылар арнайы киімдер және жеке қорғаныс жабдықтарымен уақытында толық қамтамасыз етілген. Тез тозығы жететін, сапасыз мақта күртелердің орнына тағы қосымша киімдер берілген, кәсіподақ келісімі негізге алына отырып, қолғаптар қажеттілігіне қарай айына екі рет беріліп тұрады. Теміржолшылар балаларының жағсы сауықтыру лагерінде демалуына да ерекше көңіл бөлініп отыр екен. Атап айтқанда, Ақтау қаласындағы «Балдәурен» балалар сауықтыру орталығында биыл дистанция қызметкерлерінің 30 баласы демалған.

– Мәдени-көпшілік іс-шаралар өткізуге жолшылар ұжымының бірлігін нығайтып, өзара қарым-қатынасын арттыратын шара екені даусыз. Теміржолшылардың төл мерекесі мен Наурыз мейрамын өте жоғары деңгейде атап өттік.

Мерекелік бағдарламалар аясында арқан тарту, тир көтеру, волейбол, т.б. спорттық жарыстар өткізілді. Сонымен қатар аудан көлемінде ұйымдастырылатын іс-шараларға да жолшылар ұжымы белсенді қатысады, – дейді кәсіподақ басшысы.

Дистанция жұмысшы-қызметкерлері мен зейнеткерлердің денсаулығын жақсарту да назардан тыс қалған емес. Талай жылдан бері Көкшетаудағы “С.Сейфуллин”, Павлодардағы “Мойылды”, Шымкенттегі “Сарыағаш”, Алматыдағы «Қазақстан» емдеу-сауықтыру шипажайларына жолдамалар беріліп келеді екен.

– Жалпы 2018-2020 жылдарға арналған ұжымдық шарттағы барлық жеңілдіктер толық орындалуда. Ауыз су құбыр арқылы жеткізілмеген Ақжігіт, Оазис елді мекендеріне, Бейнеу – Тасай учаскесіне цистернамен тасу арқылы елді мекен тұрғындары толықтай ауыз сумен қамтамасыз етіліп отыр. Дистанция бойынша 84 жұмыс орны бар, оның ішінде 44 жұмыс орны санитарлық-техникалық талаптарға сәйкес келмейді, осы зиянды жұмыс орындарында істейтін қызметкерлерге дистанция бастығының бұйрығымен қосымша ақы төлеу, еңбек демалысына күн қосу, арнайы сүт тағамдарын беру белгіленген, – дейді кәсіподақ жетекшісі.



ФОРУМ



# ЖАСТАР ҚҰРЫЛТАЙЫ МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Қазақстан теміржолының жалынды да жігерлі жастарының басын қосқан республикалық тоғызыншы жастар форумы мәреге жетіп, барлық байқаулар мен жобалардың жеңімпаздары марапатталды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Еліміздің барлық өңірінен келген жастар Елорда төрінде өткен форум аясында «Менеджмент жобасы», «Болашақ басқарушылар», «Жас кәсіби маман», «Жастар көзқарасы», «Өндірістік көзқарас», «Мерейлі жас теміржолшы отбасы», «Есімізде, мақтанамыз, ізін жалғаймыз» және Жастар ісі жөніндегі кеңестің өңірлік ең белсенді өкілі, «Аймақтың визиттік карточкасы» байқаулары бойынша, сонымен қатар «Жайдарман» ойындары арқылы өзара бақ сынасып, қарым-қабілеттерін танытты. Соның ішінде теміржолдағы еңбек өнімділігін арттыруға, қозғалыс қауіпсіздігін нығайтуға, жолшылар жұмысын жеңілдетуге, т.т. бағытталған, экономикалық тиімділікке ие өнертапқыштық жобаларға басшылық тарапынан зор көңіл бөлінді. Ондай жобалар саны 40-тан асты. Форум барысында авторлар өз жобаларын қорғап, тиімділігін дәлелдеуге тырысты. Форумның жабылу салтанатына қатысқан Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, «ҚТЖ» ҰК АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі Тоқтар Әубәкіров те, Компанияның басқарма төрағасының орынбасары Серік Әбденев те теміржол саласын кәсіби тұрғыда дамытуға үлес қосуға талпынған жас теміржолшылардың тың идеяларына жоғары баға беріп, қолдау көрсетті. Ең мықты деген 13 жоба іріктеліп, өндіріске енгізуге ұсынылды. Олардың арасынан ең үздік төрт жобаға жүлделі орындар берілді.

Сонымен «Менеджмент жобасы» «Болашақ басқарушылар» байқауында 4 жоба бойынша барлығы 20 адамнан тұратын 4 команда «оза шауып, бәйге алды». 1-орын жамбылдық жастардың «Датчик «Сигналстик» жобасына табысталды. 2-орынды «ҚТЖ Smart» жобасымен астаналықтар иеленсе, 3-орын «Түйіспесіз жолдың жағдайын бақылауға арналған бағдарлама» жобасы бойынша тағы да жамбылдық жастарға берілді.

Ал соңғы 4-орынға қостанайлық жастардың «PRCM машиналарына арналған механикалық кергіш құрылғы» жобасына қазылар алқасының тарапынан қосымша «Өндірістік көзқарас» номинациясы ұсынылып, жүлдегер атанды.

– Көліктің барлық түрлері маңызды, бірақ теміржолдың орны бөлек, ол маңыздылығын ешқашан жоймайды. Әсіресе, Қытай мен Еуропа арасындағы Қазақстан аумағы арқылы жүзеге асырылатын транзиттік тасымал да тек қана темір жол арқылы атқарылады. Сондықтан осындай маңызды саланың жас мамандары ретінде сіздерге артылар сенім мен үміт де жоғары.

аралығындағы мамандары қатыса алатын «Жас кәсіби маман» байқауында теміржолдағы түрлі сала мамандарының ішінен 20 адам бірнеше аталымдар бойынша марапаттарға ие болды. Олардың арасында Жылдың жас HR маманы, Жылдың жас энергетигі, программисті, машинисті, диспетчері, жолсерігі, қаржыгері, вагон шаруашылығы, жол шаруашылығы, күзет қызметі, еңбек қорғау маманы, заңгері, спортшысы, кәсіподақ қызметкері, инженері, жүк шаруашылығы, қозғалыс шаруашылығы маманы, новаторы, сатып алуды ұйымдастырушысы, техникалық маманы деген аталымдармен Ақмола магистральдық

Қазақстанның бүгінгі мен болашағы үшін керек, – деді өз сөзінде Т.Әубәкіров.

«Мерейлі жас теміржолшы отбасы» номинациясына Бұрабай курорты белгі беру және байланыс дистанциясы бастығының байланыс бойынша орынбасары және СЦБ электр монтері болып еңбек ететін Қайрат пен Диана Бағадитдиновтер әулеті ие болды. Олар байқауға қатысу үшін «Менің отбасымын құрылу тарихы» атты эссе жазып, сол арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, оқиғаларының ерекшелігімен көзге түскен. «Есімізде, мақтанамыз, ізін жалғаймыз» байқауында компанияның «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалының салықтық есеп департаментінің менеджері Толқын Бозтаева жеңімпаз болды. Шарт бойынша ол ардагерлер, зейнеткерлер, династия өкілдері туралы жазған әңгімесімен көзге түскен. Ал нақты бір тақырыпқа сюжетті фото түсірілімдер түсіру арқылы өткізілетін «Жастар көзқарасы» сайысында компанияның «Астана теміржол вокзал кешені» филиалының вокзал кезекшісі Замира Омарова сұрылып алға шықты. Жастар ісі жөніндегі кеңестің өңірлік ең белсенді өкілдері ретінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ құқықтық қамсыздандыру департаментінің менеджері Гүлім Бейсбоқова, Семей ЖТ бөлімшесінің қауіпсіздік жөніндегі жетекші инженері Ләззат Айтмұханова, Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің жол бөлімі бойынша жетекші инженері Дәулетбек Жолдасбаев та нықты.

## ҚТЖ ЖАСТАРЫНЫҢ ТЫҢ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ЖАСАЛЫП, ФОРУМ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚОРҒАЛҒАН 40-ТАН АСТАМ ЖОБАНЫҢ ІШІНДЕ 13-І ТИМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ ДЕП ТАНЫЛЫП, ӨНДІРІСКЕ ЕНГІЗУГЕ ЖОЛДАМА АЛДЫ.

Сол сенімнің ақталатынына біздер осы форум аясында кәуә болдық. Компаниямыздың 133 мың қызметкерінің 52 мыңын сіздер – жастар құрап отырсыздар. Міне, бүгін форум барысында керемет жоба ұсынған Талғат Бекмағамбетов есімді замандастарыңыз компания төрағасының алдында өз идеясын қорғап, Басқарма басшысының қолдауына ие болды. Сонымен қатар Асхат Райымқұлов, Дәулетбек Жолдасбаев сынды мықты жоба авторларын да компания басшысы жеке қабылдап, жобаларын тыңдамақ. Компания тарапынан осындай белсенді азаматтарға қашан да қолдау көрсетілетін болады, – деді С.Әбденев. Іріктеліп алынған 13 жобаға жеке-жеке тоқталып, олардың авторларын ортаға шақырған басқарма төрағасының орынбасары жеңімпаздарды арнайы дипломдармен марапаттап, ес-керткіш сыйлықтар ұсынды. Саланың 17 мен 35 жас

желі дирекциясы, Астана электрмен жабдықтау дистанциясы, Бас есептеу орталығы, Маңғыстау магистральдық желі дирекциясы, «Жолаушылар тасымалы» АҚ Батыс филиалы, «Көпфункционалды қызмет көрсету орталығы» филиалы, ЭТЖК Тараз бөлімі, Орал локомотив пайдалану депосы, «Қазтеміртранс» АҚ Семей филиалы, Мақат локомотив депосы, Шымкент, Ақтөбе, Алматы және Жамбыл ЖТ бөлімшелері, Достық аймақтық телімі және техникалық даму департаментінің жас қызметкерлері марапатталды.

– Міне, бұл форум барысында сіздер тек көңілді демалып қана қоймай, өз өнерлеріңіз бен таланттарыңызды ортаға салып, теміржолдағы қызметтеріңізді қалай атқарып жүргендеріңізді де көрсете білдіңіздер. Сіздердің жұмыстарыңызға аға буын, үлкендер риза болды. Жастарға жұмыстан шаршаманыздар дер едім. Қызметтеріңізде табысты болыңыздар. Сіздер атқаратын осы темір жол жұмысы бүкіл

Қорыта айтқанда, 47 жас теміржолшы еңбектегі жетістіктерімен қоса ерекше қарым-қабілеттерімен қатарының алды болып, елдеріне олжалы қайтты. Марапаттау шарасы жастардың ойын-сауық кешіне ұласты.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

КӘСІБИ – НӘСІБИ

# ЖОЛСЕРІК

Темір жол көлігіне иек артатын жолаушылар жолсеріктің кім екенін жақсы біледі. Ресей, Әзербайжан секілді көршілес мемлекеттерді айтпағанда, Қазақстанның батысы мен оңтүстігі және солтүстігі арасына жолаушылар ең кемі пойызбен үш күн жол жүреді екен. Жолсерік – осы ұзақ сапарыңда сені «өз үйіне» қонақ ететін жан.



Пойызда түнеп, тамақтанып, жол көтеретін адамдар жол бойы тынығып келеді. Ұзақ жолға пойызбен жүру бір жағынан қызықты. Жаныңдағы жолаушылармен танысып, әр өңірдің салт-дәстүріне қатысты әңгіме-дүкен құрып, өзің естімеген тың жаңалықтарға қанығысың. Үш күн бойы бір вагонда отырған соң жаңыңдағы жолаушылар кейде жақынындай болып кетеді. Тіпті, тиісті мекенге жеткен кезде ол адамдармен бұрыннан таныс адамдарша қоштасып, амаңдық-саулық тілейміз.

Мұның барлығы вагонда жолсеріктің жолаушыларға жайлы жағдай жасай білсе, екі есе жағымды әсер қалдыраары анық.

Вагонның тазалығы мен жинақылығы, ыстық шәйдің уақытылы қайнап тұруы, төсек-жабдықтың уақытылы таратылуы, вагонда тыныштық сақталуы, т.б. жолсеріктің міндетіне кіретін жұмыстар аз емес. Және оның үдесінен шыға білу жолсерік үшін оңай шаруа емес. Осыдан келіп жолсерік қызметінің кез келгенін қолынан келе бермейтін қиындығы мен жауаптылығы қатар жұмыс екеніне көз жеткізуге болады.

Осындай міндеттерді зор жауапкершілікпен жүзеге асырып жүрген жанның бірі Шу қаласының тұрғыны Роза Беремқұлова десек, қателеспейміз. Роза Көкталқызы осы Шу қаласында туып-өсіп, бұрынғы №36 мектепті тәмамдаған. Ең алғаш рет 1980 жылы пошталық жүк пойызына жолсерік болып жұмысқа орналасқан екен. Тәжірибе жинақтай келе жолаушы пойызына ауысады. Қазіргі уақытта Шу-Мыңарал, Шу-Отар аралықтарына қатынайтын қала тасымалы пойызында жолсерік қызметін атқарып келеді. Бұл пойыздың ерекшелігі – оған ұзақ жолға шығатын пойыздар секілді бірнеше вагон жалғанбайды. Бар болғаны 81 жолаушылық бір вагон. Шу-Мыңарал аралығы 228 шақырымды құрайтын болса, Шу-Отар аралығы 155 шақырымды қамтиды.

Роза Беремқұлова осы шағын жолаушылар вагонында барлық жолаушылармен ортақ тіл табысып, уақытылы олардың шәй-суын қамдап, барар жеріне жеткенше пойыздағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтап, жолаушыларға барлық ыңғайлы жағдайды жасауды әдетке айналдырған. Тіпті талай жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан бағыты болғандықтан көп жолаушыларымен таныс, жұрттансыз. Әр сапарда кездескен жерде сәлемдесіп, жөн сұрасып, мәре-сәре болып жататын жандар аз емес.

– Менің ата-анам да ұзақ жылдар бойы жолсерік болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Өзім 2000 жылы Қарағанды техникалық мектебінен қысқа мерзімді жолсерік курсы оқып, сертификат алдым. Біз ауысыммен жұмыс жасаймыз. Жұмысым өзіме ұнайды, – дейді ұзақ жылдан бері осы салада талмай еңбек етіп келе жатқан жан.

Екі ұл, бір қызды дүниеге әкеліп, саналы ұрпақ тәрбиелеген ардақты аның үлкен ұлы Сергей – локомотив депосында машинист көмекшісі. Қызметтегі жауапкершілігі мен тиянақтылығы үшін Роза Көкталқызы «ҚТЖ» ҰК АҚ президентінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

**Динара БАТЫРХАЙРОВА, Шу станциясы**  
*Суретті түсірген автор*

РУХАНИЯТ

# АҚПАРАТ КҮНІН ӨТКІЗДІ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда ғылыми-техникалық кітапханасының қызметкері Райхан Темірғазиева мен Ғылыми-техникалық ақпарат және талдау бөлімінің басшысы Сарқыт Шақманова бөлімше теміржолшыларына арнап «Ақпаратты дамытудың маңызды сауалдары» тақырыбында ақпарат күнін өткізді.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Бұл күні арнайы мерзімдік баспасөз өнімдері, библиографиялық мағлұматтар, сала мамандарының сұранысына қарай іріктелген соны жаңалықтар ақпарат сөресіне қойылып, жаңалыққа жаны құмар аймақ теміржолшыларына ұсынылды.

Ақпарат күніне бөлімше теміржолшыларымен бірге партияның «Теміржол» филиалы төрағасының бірінші орынбасары Базара Танбаева да қатысып, теміржолшылардың сала бойынша орын алып жатқан соны жаңалықтармен хабардар болуы барысымен танысты.

Ақпарат күнін өткізуге ғана шектелмейтін ғылыми-техникалық кітапхана қорында 4011 кітаптан

19121 данасы болса, кітапхананың жалпы қоры 28820 дана, ал архив қорына 9196 дана кітап сақталған екен. Қызылорда станциясында орналасқан кітапханаға биылғы жыл басынан бері 658 оқырман тіркеліп, 6744 мәрте ой қазынасы жинақталған мекеме қызметін пайдаланыпты. Қызметкерлер 105 абонентке ақпараттар беріп, айналым поштасымен 310 ма-



териалдан топтастырылған 91 папкіні 19 абонентке ұсынған. Және де кітапхана «АСУ НТИ», «КИП», базалы «АБИС-Ирбис-64» бағдарламасы арқылы қажетті электронды ақпараттармен

қамтуды негізге алған, сонымен қатар олардың әрқайсысы бірнеше бағытта топтастырылған бағдарламалармен қамтылған.

– Біздің орталық жұмысы жыл басында бекітіледі, осы кесте бойын-

ша біздер әр мекемеге арнайы барып ақпарат күнін өткізіп, сол ұжымның теміржолшыларын соңғы жаңалықтармен, еліміздегі теміржол саласында, алыс-жақын шетелдердегі өндіріске енгізілген бағдарламалармен, ұсыныстармен, жаңалықтармен қамтамасыз етеміз. Бүгінгі кезек бөлімшесінде ЛОИС бөлімінде өткізілу жоспарланған еді. Алайда оны кеңірек ауқымда өткізу үшін бөлімшенің өзге саладағы теміржолшыларын да қамтып отырмыз. Мұнда қойылған журнал, газет, мерзімдік баспасөз өнімдері, анықтамалық кітаптар, сала мамандарына қызықты саналатын тарихи очерктер, ғылыми-танымдық баслымдардың бәрі теміржолшылар үшін керек дүние, жаңалық болып табылады, – дейді Ғылыми-техникалық ақпарат және талдау бөлімінің басшысы Сарқыт Шақманова.

*Суретті түсірген автор*

**«Нур-Медиа» ЖШС** Бас директоры  
**Ләззат ТАНЫСБАЙ**

Бас редактор  
**Дина МУЗДУБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Кенесары, көшесі, 25. Бөлім тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

**Газет баспаханалары:**  
Астана, Сіпегі 30 «Медиа холдинг» «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Т. Рысқұлов көш., 190 «А-Полиграфия»  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22 «ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 13990**  
Газет тарату және жігілту қызметімен «Нур-Медиа» ЖШС айналысады  
© Жарнама. Жарнама мәліметін жарнама беруші жауап береді.  
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сәттеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мәліметіне жауап бермейді.  
Кезекші редакторлар: А. Ақтілеу, А. Шағынқожа

**Мемлекеттік тіпшілер:**  
Алматы: Елена Қордасбаева 8-701-791-18-88  
Астана: Қорғалмыс Мұшары 8-778-944-09-44  
Шымкент: Жанна Сидықбай 8-707-390-17-18  
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-773-203-51-87  
Жабық: Жаулап Сейітжанов 8-775-573-22-53  
Маңғыстау: Шайла Жақан 8-707-884-72-45  
Орал: Аяна Панаева 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабырхан Сейітжанов 8-778-409-78-59  
Семей: Қуаныш Қожаев 8-707-884-72-45  
Сурет: Светлана Мороз 8-777-892-66-76  
Қарағанды: Аман Қарабаев 8-705-267-44-00  
Павлодар: Айдаң Ертұай 8-747-535-21-58  
Ақтөбе: Адақ Бұрабаев 8-702-843-27-97  
Қызылорда: Садық Құрманов 8-701-738-94-70

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspaeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жәanel Сағындықова, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama\_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күніне берілді.

Руководство Жамбылских отделений грузовых перевозок и магистральной сети, филиала Профсоюза железнодорожников, Совета ветеранов и коллективы железнодорожных предприятий выражают глубокие соболезнования родным и близким в связи с кончиной участника Великой Отечественной войны, Почетного железнодорожника

**Егембердиева Садыхбека**

«Теміржолсу-Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің басшылығы мен ұжымы осы мекеменің Достық телімінің шебері **Мешелов Қайрат Иманбайұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты оның отбасына және туған-туыстарына орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

ШЫРША ТОЙЫ БАСТАЛДЫ

Желтоқсан – мені жоғары мерекелерге толы ай. Әсіресе, балақайлар үшін таяп келе жатқан Жаңа жыл шыршасының маңызы тіптен зор. Осы орайда Семей ЖТ бөлімшесінің салалық кәсіподақ ұйымы жергілікті теміржолшылар балаларына үлкен сый жасады.



тар тауып, таныстықтарыңызды арттырыңыздар. Алдағы келе жатқан мерекелер баршамыз үшін қайырлы-құтты болсын деген тілек білдіреміз, – деді өз сөзінде Алик Досанов. Осыдан соң жиналған балақайларға Аяз атаның Астана төрінде өтетін мерекелік кешіне шақырту хаты табыс етілді.

– Кәсіподақ шыршасы – бұл «қанат-қақты» жоба. Алдағы уақыттарда да жалғастық табады деген сенімдеміз. Осы жолғы мерекелік шараға Семейден барлығы 11 бүлдіршін аттанып отыр. Олардың барлығы да семейлік теміржолшылардың перзенттері. Балалар Астанада үш күн демалып, театрландырылған жаңажылдық шараға қатысады. Оларды талай тосын сыйлар мен көңілді сәттер күтіп тұр. Сонымен қатар, олар «Нұр Әлем» мұражайын аралап, кинотеатрда арнайы фильм тамашалайтын болады, – деп ақпар берді балалардың елордаға сапары жайлы «ҚТЖ-ЖТ» АҚ Семей филиалы төрағасы Асхат Жармұхаметов.

Балаларды Астанаға ПЧ-40 мекемесінің кәсіподақ төрайымы Зульфия Мәжітқызы және арнайы дәрігер бастап апарды. Суретті түсірген автор

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Астана шаһары төрінде өтетін кәсіподақтың шырша мерекесіне арнайы жолдама тарту етті. Елордада өтетін жаңажылдық мерекеге

шақыру қағазын бөлімше фойесіне жиналған барша балақайға теміржолшылар кәсіподағы ұйымының басшысы Алик Досановтың өзі салтанатты түрде тарту етті. Астанаға жасалатын осынау сапар барысын түсіндіріп өткен Алик Тұрсынұлы

құттықтау лебізін де білдірді. – Кәсіподақ ұйымы «Ел жүрегі – Астана» жобасын әлі де дамытып, жалғастыру үстінде. Осынау сапар – сонғы бір айғағы. Барлықтарыңызға сәт-сапар тілейміз. Уақытты қызықты өткізіңіздер. Жаңа дос-

Жылдағы дәстүр бойынша биылғы жылдың Жаңажылдық шыршасы көшегі өткен Тұңғыш Президент күнінде әр өңірден келген балаларды қабылдаумен басталды. Оған Семей теміржолынан келген 11 бала қатысты.



бастығы Д.Ешмұратовтың, Аягөз станциясының электромеханигі М. Әкімовтің, «ӘТЖК» АҚ күзетшісі Д. Сабековтің балалары екен.

Президент шыршасы алаңында оларды Елбасының өзі қарсы алып, алдағы келе жатқан Жаңа жылдарымен құттықтады. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшар жас балғындарға сапалы білім алып, табысты көрсеткіштерге жетіп, тың идеяларымен көрініуге тілектестігін білдірді. Балалар өз кезегінде өнерлерін көрсетіп, Елбасының арнайы сыйлығына ие болды.

Келесі күні олар Астана қаласының сұлу ғимараттарын аралап, ойын алаңдарына барып тамашалады. Экскурсия кезінде оларға арнайы автобус бөлініп, қаланың сұлу да көрікті жерлерін аралап көрген балалар ерекше әсер алғандарын жасырмады.

Үш күн есте қаларлықтай тамашаға бөленген балаларды Сала кәсіподағы қызметкерлері күтіп алып, шығарып салды.

Төрбай КЕНЖЕБАЙ

АКЦИЯ

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ...

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің теміржолда қауіпсіздікті сақтауға бағытталған шаралары аз емес. Бұл жолы теміржолшылармен бірге Жамбыл желілік полиция бөлімі қаладағы Ә.Молдағұлова атындағы орта мектепте «Мен және менің полицейім» атты акция ұйымдастырды.

Акцияның мақсаты – болат жолдың бойына жақын орналасқан мектептер мен колледждердің ұжымдарымен және оқушыларымен кездесіп, оқушыларға темір жол аумағында жүру ережелерімен және полиция қызметкерлерінің жұмысымен таныстыру болды.

Білім беру ордасында өткен жиынға Тараз станциясының бас инженері С.Тоқтанаев, ТЧЭ-31 қауіпсіздік қызметінің бас маманы Т.Құсайынова, Желілік полиция бөлімі инспекторлары – полиция капитаны Г.Мұсаева және аға лейтенант Р.Жантөреков, №13 Тараз темір жол колледжі студенттері мен №11 орта мектеп оқушылары қатысты. Полиция капитаны Г.Мұсаева студенттер мен



оқушыларға жол полициясының жұмысын таныстырды және жасөспірімдер жасаған қылмыстар жайлы кеңінен мәлімет берді. Оқушыларға құқықбұзушылық пен қылмыс соңы неге әкеліп тірейтінін тәптіштеп түсіндіріп берді.

Ал Тараз станциясының бас инженері С.Тоқтанаев темір жол бойында жүрудің, өткелдерден қалай өтудің, қандай жағдайда тәуекелге бармау керектігін егжей-тегжейлі түсіндіріп, нұсқаулықтармен таныстырып шықты.

– Темір жол аумағы жас балаларға ғана емес, кез келген адам үшін қауіпті. Сондықтан, мұнда бей-берекет әрі ойын алаңына айналдыруға болмайды. Сол себепті, біз оқу орындарында осы акцияны өткізіп жатырмыз. Бүгінгі кездесуден біраз мағлұмат алып, айтылған ақыл-кеңестер мен нұсқаулықтарды ешқашан естеріңнен шығармаңдар. Өйткені, мемлекетіміз үшін әр адамның өмірі, қауіпсіздігі құнды. Ең бастысы, сіздерді үйде ет-жақындырыңыз бен ата-аналарыңыз күтіп отыр. Осыны ұмытпаңыздар, – деген бас инженердің ағалық сөзі оқушыларға кәдімгідей ой салғандай болды.

Оған қоса, С.Тоқтанаев балалардың білместігі мен өзбілермендігінің салдарынан орын алған оқиғаларды айтып беріп, ондай ақымақтықтан аулақ болуға шақырды.

Кездесуге қатысқан студенттер мен оқушылар да сөз алып, өз өмірлері мен қауіпсіздіктері үшін алаңдап отырған сала мамандары мен қрқық қорғаушыларға алғыс айтып, қауіптілігі жоғары теміржолда сақтанып жүруге уәде берді.

Жасұлан СЕЙІТХАНОВ, Жамбыл Суретті түсірген автор

СПОРТ

СПАРТАКИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппараты мен еншілес ұйымдары қызметкерлері арасында 5 спорт түрі бойынша ұйымдастырылған Спартакиада мәресіне жетті. Соңғы сайыс баскетболдан өтіп, соның және бұған дейінгі жарыстар нәтижесі бойынша Спартакиада қорытындысы шығарылды.



Баскетболға барлығы 18 команда қатысты. Жеребе тастау кезінде олар 3 командадан тұратын 6 топқа бөлінді. Жарыс бастапқыда айналма жүйемен алдын ала ойындар өткізу арқылы ұйымдастырылды. Ойыншылар әрқайсысы 7 минуттан тұратын екі кезеңде ойын көрсетті. Алдын ала жарыста үшінші орын алғандар 15,5 балдан жинап, ойынды аяқтады.

– Бірінші топта бірінші орын алғандар алтыншы топтың екінші орын алған командасымен ойнады. Ал бірінші топтың екінші орын алған командасы алтыншының бірінші орын алған тобымен жарысты. Алғашқы ойында ӘТЖК қызметі мен «Транстелеком» АҚ командаларының ойыны 13:11 есеппен соңғы команданың жеңісімен аяқталса, негізінен

қыздар ойнаған ГЦУС, яғни «Байланысты басқару бойынша бас орталық» филиалы мен «Кедентранссервис» АҚ командаларының жарысы 17:7 көрсеткіш көрсетті. Міне, осылайша, топтар ойыны өте тартысты болып, біріне бірі дес бермей, ұзақ тартысты, – дейді компанияның адами ресурстарды басқару департаментінің спорт саласы бойынша жұмыстарды үйлестіретін менеджері Ольга Липчанская.

Жарысқа жоғарыда аты аталғандардан бөлек локомотив депосы, КТЗ Express, «Қазтемтранс» АҚ, ПЧМ-40, «ҚТЖ-ЖТ» АҚ, Қыркышлы станциясы, ЭЧ-8 және тағы да басқа теміржол ұжымдарынан командалар қатысты.

Сонымен тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылған баскетбол жарысы командаларды іріктей келе, жеңімпаздарды да анықтады. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, соңында ең мықтылар іріктеліп қалды. Бірінші орынды «Кедентранссервис» АҚ командасы иеленсе, екінші орынды Магистральдық желі дирекциясы филиалы командасы, үшінші орынды «Теміржол вокзал кешені» филиалы командасы иемденіп, жеңіс тұғырынан көрінді. Жүлдегерлер кубок, дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Сонымен қатар Спартакиада аясындағы барлық ойындар бойынша жалпы жарыс нәтижесінің де қорытындысы шығарылып, «Кедентранссервис» АҚ 22,5 ұпаймен бірінші орын алды. «ӘТЖК» АҚ 32,5 ұпаймен екінші орын және Орталық аппарат командасы 36 ұпаймен үшінші жүлдені иеленді. Теміржолдағы салауатты өмір салтын насихаттайтын дәстүрлі спартакиада келесі жылы да жалғасын таппақ.

Райхан РАХМЕТОВА, Астана Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

Құттықтаймыз! ГАЛИМОВ ФАРИТ ХАБИБРАХМАНОВИЧ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының кеңесшісі (11 желтоқсан) АУБАКИРОВ АЙБЕК ҚУАНЫШҰЛЫ – «Жолаушылар тасымалы» АҚ сапаны бақылау жөніндегі департаменттің директоры (11 желтоқсан) МОМЫНҚҰЛ МҰХИТ МҰҚТИЯРҰЛЫ – «Жолаушылар тасымалы» АҚ – «Экспресс» филиалының директоры (11 желтоқсан) БАКЕСОВА СУЛУГҰЛ БЕКЕНҚЫЗЫ – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің қазақ редакциясы тобының жетекшісі (11 желтоқсан) БАЛТИН СЕРІК НӘЖИМЕДЕНҰЛЫ – «Әскерлендірілген теміржол күзеті» АҚ Павлодар қаласындағы филиалдың директоры (12 желтоқсан) ДӘУЛЕТОВ РУСЛАН ТЕМІРБОЛАТУЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» директорының Орал аймағы бойынша орынбасары (12 желтоқсан)

ДЕНСАУЛЫҚ

МАМАНДАР КЕҢЕС БЕРДІ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінде көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мамандары теміржолшылармен семинар кеңес өткізді. Жиынға азаматтық үкімет орталығының да қызметкерлері қатысты.

Санитар мамандар теміржолшыларды бірлесе жұмыс жасауға шақырса, халыққа қызмет көрсету орталығының мамандары құжаттар мен шағымдарды электронды нұсқада жүргізуді үйретті. «Басқарма бойынша жыл сайын көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы семинар-кеңестер, ашық есік күндері, кеңестер беру және басқа да түсіндіру жұмыстарын үнемі ұйымдастырып, өткізіп келеді. Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектіні бақылауда ұстау, гигиеналық нормативтердің сақталуын қадағалау жұмыстары тұрақты жүргізіледі. 2018 жылы көлік саласы бойынша барлығы 27 өтініш түскен. Оның 24 жағдайына санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды берілді. Үш жағдайға қатысты уәжді алған бас тарту болды. Екі жағдай гигиеналық нормативтерге сәйкес келмеуіне байланысты болса, 22 жағдай қоршаған ортаға зиянды заттардың төгілуіне қатысты. Көрсетілген мемлекеттік қызметтердің барлығы белгіленген мерзімде талапқа сай ұйымдастырылып жүргізілді, мерзімінен кешіктірілген жағдайлар тіркелген жоқ.

Біз темір жол бойындағы санитарлық жағдайларды жоғары деңгейге жеткізу үшін бірлесе жұмыс жасауымыз керек. Темір жол қызметін тұтынушылар тарапынан болатын ластануларға жол бермес үшін үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізіміз керек», – деді Ақтөбе бөлімшелік көліктегі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Асылгүл Шаранова.

Санитар мамандар теміржолшыларға мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне қатысты да ақпараттар берді. «Біз сіздермен бірлесіп жұмыс жасауға дайынбыз. Басқармаға телефон соғу арқылы да кеңестер ала аласыздар. Жазбаша арызға, сондай-ақ портал арқылы көрсетілетін қызметке тапсырған сәттен бастап 15 жұмыс күні ішінде жауап берілуі керек. Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты 15 минут және көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут. Сіздер өз құқықтарыңызды билуге тиіссіздер», – дейді Асылгүл Шаранова.

Сонымен қатар, азаматтық үкімет орталығының мамандары теміржолшыларға электронды қызметті тиімді пайдаланудың жолдарын үйретті.

Ардақ САТТАРҚЫЗЫ, Ақтөбе

2019 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ГАЗЕТКЕ «ҚАЗПОШТА» АҚ БӨЛІМШЕЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ: ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН ИНДЕКС – 15358 қала бойынша баға – 4657,60 тенге облыс бойынша баға – 4881,20 тенге ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН ИНДЕКС – 65358 қала бойынша баға – 3811,60 тенге облыс бойынша баға – 4035,20 тенге ЖЕҢІЛДІК АЛАТЫНДАР ҮШІН ИНДЕКС – 55358 қала бойынша баға – 3691,60 тенге облыс бойынша баға – 3915,20 тенге АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ 8 (7172) 94-52-88

Құрметті оқырман! «Қазақстан теміржолшысы» Республикалық газетінің редакциясы жазылушылар арасында лотерея ойнатуды жалғастырады М.С.Семенов СҚО – Ғ.Мүсірепов ауд. Жаңасейіл ауылы, Советская к. 18-үй, 7-пәтер (френч-пресс) Б.Г.Ернеубаев – Қостанай обл. Лысаковск қ. (кастроль) К.О.Аймбетов – Түркістан обл. Жібек жолы а.о. Сауран ауылы (шай бездейтін шайнек) «Қазақстан теміржолшысы» газетіне жазығыңыз да, өз сыйлығыңызды ұтып алыңыз!